

## Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Қаулысы 2001 жылғы 17 мамыр N 7. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 9 Қаулысымен

*Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілдері - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары Р.Қ.Сәрпеков пен Қ.Ғ.Ескендіровтің;

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрайымының орынбасары Қ.Т.Тұрғанқұлов пен комиссия мүшесі В.К.Фоостың, Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрі А.Н.Котловтың,

қатысуымен өткен өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы К951000\_ Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру жөніндегі ө т і н і ш і н қ а р а д ы .

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңес мүшесі А.К.Котовты, отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2001 жылғы 4 мамырда Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру жөніндегі өтініші келіп түсті.

Парламент депутаттары өзінің өтінішінде, Конституцияның 52-бабының 3 және 5-тармақтарында тікелей көзделмеген, оның ішінде азаматтың Парламент депутаты болып сайлануының (тағайындалуының) міндетті шарттары болып табылатын мән-жайлардың болмауы немесе жойылуы Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының өкілеттігін тоқтатуға және одан айыруға негіздеме ретінде танылуы мүмкін бе, соны түсіндіруді өтінеді.

Атап айтқанда, мынадай мән-жайлар:

- 1) Парламент депутатының қайтыс болуы;
- 2) Парламент депутатының Қазақстан азаматтығынан айрылуы;
- 3) Парламент депутаты болып табылатын адамның хабар-ошарсыз кетті деп танылғаны туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;
- 4) партиялық тізім негізінде Парламент депутаты сайланған саяси партияның таратылуы немесе оның осы партиядағы мүшелігінің тоқтатылуы;
- 5) партиялық тізім негізінде Парламент депутаты болып сайланған депутатты саяси партияның кері шақырып алуы.

Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру кезінде Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 5-тармағында Парламент депутатының өкілеттігі "Конституцияда көзделген өзге де реттерде" тоқтатылады деп белгіленген.

Оларды айқындаған кезде Қазақстан Республикасы Конституциясының өзге нормаларын жүйелі түрде талдау қажет болады.

Депутаттық өкілеттіктің тоқтатылуы - бұл жағдайлардың депутаттың өкілеттігін жоғалтуына, депутатты өкілеттігінен айыруға және депутаттар құрамынан шығып қалуына негіз ретінде туындауының немесе оларды қолданудың салдары.

1. Парламент депутатының қайтыс болуы сияқты мән-жай, оның Мәжіліс немесе Сенат депутаттары құрамынан шығып қалуына объективті түрде әкеп соқтырады. Бұл мән-жай депутаттық өкілеттіктің тоқтатылуына табиғи негіз болып табылады, өйткені, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде бұрынғы Парламент депутатының, Конституцияның 13-бабымен көзделген, жалпы құқық субъектілігі тоқтатылады.

2. Парламент депутатының Қазақстан азаматтығын жоғалтуы немесе одан шығуы, Конституцияның 51-бабы 4-тармағының мағынасынан туындайтын, депутаттық өкілеттіктің тоқтатылуына негіз болып табылады. Бұл тармақтың қағидаларымен Парламент депутаты (сенаторы) болып сайлану (тағайындалу) үшін міндетті - Қазақстан Республикасының азаматы болу шарты белгіленген.

Парламент депутаты Қазақстан азаматтығын жоғалтуымен немесе одан шығуымен, бұл адам, Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана берілетін, Конституцияның 33-тармағымен көзделген мемлекет ісін басқаруға қатысуға, оның органдарын сайлауға және оларға сайлануға саяси құқықтарын жоғалтады.

3. Парламент депутаты болып табылатын адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы сияқты мән-жай (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің K941000\_ 28-бабы), Парламент Палаталарының қай-бірінің де құрамынан Парламент депутатының шығып

қалуына, бұл да Конституциядан туындайтын, негіз бола алады.

Егер азамат туралы бір жыл бойы деректер болмаса, оны соттың хабар-ошарсыз кетті деп тануы, соның қатысуымен болған құқықтық қатынастардағы анық емес тұстарды жоюдың заңды нысаны болып табылады. Парламенттегі депутаттық өкілеттікті жүзеге асыру жөніндегі құқықтық қатынастар, Конституцияның 50-бабы 1-тармағының және 52-бабы 2-тармағының күшіне орай тұрақты және жеке сипатта болғандықтан, Парламент депутаты болып табылатын, және хабар-ошарсыз кетті деп танылған адам Парламентпен іс жүзіндегі және құқықтық байланысын жоғалтқан болады.

4. Саяси партияның таратылуы немесе соның партиялық тізімі негізінде сайланған Парламент депутатының осы партиядағы мүшелігінің тоқтатылуы, оның депутаттық өкілеттігі тоқтатылуына әкеп соқтыратын мән-жай ретінде Конституцияның нормаларымен келіседі. Мәселен, Конституцияның "Он депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізім негізінде сайланады" деген 50-бабы 3-тармағынан, саяси партиялар үшін Конституциямен енгізілген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі бара-бар өкілдік, оның өзі белгілейтін реттілікте, сол немесе өзге бір партия мүшелерінің партиялық тізімдері бойынша ғана іске асырылатыны келіп шығады. Партиялық тізімді міндетті түрде Орталық сайлау комиссиясы тіркеуі керек және содан кейін сол немесе өзге бір партияның Парламент депутаттығына кандидаттарының тізімі ретінде ол жарияланады. Бұл саяси партияға біртұтас жалпыұлттық округтің аумағы бойынша сайлауға қатысу қ ұ қ ы ғ ы н б е р е д і .

Конституциялық Кеңестің пікірі бойынша, саяси партияның мүшесі болып табылмайтын Республика азаматтары, біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Парламент депутаты болып сайлану үшін партиялық тізімге е н г і з і л м е й д і .

"Парламент депутаттығына саяси партиядан кандидат - осы партияның мүшесі" принципі Конституцияның 51-бабы 5-тармағында бекітіліп, онда "Мәжіліске сайлаудың қорытындылары бойынша депутаттық мандаттарды партиялық тізімдер негізінде бөлуге дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың кемінде жеті процентінің даусын алған саяси партиялар жіберіледі" делінген.

Демек, саяси партияға қатыстылық, сайлау науқаны кезінде уақытша байланыс емес, саяси партиялардың бара-бар өкілдігі негізінде Парламентке сайлаудың нәтижесінде депутаттық өкілеттікке ие болудың құқықтық өлшемі болып табылады. Әйтпесе, саяси партияның таратылуы партиялық тізімдер бойынша Парламентке сайланған депутаттардың құқықтарының теңдігі бұзылуына әкеп соқтырады. Таратылып жатқан сол немесе өзге бір партияда мүшелікте тұратын депутаттар өздерінің өкілеттігін жоғалтатын болады. Осы

партияның мүшесі болып табылмайтын, бірақ соның партиялық тізімі бойынша Парламентке сайланған депутаттар өздерінің депутаттық өкілеттігін сақтап қалады, бұл Конституцияға сәйкес келмейді.

Сайлау туралы заңнамада, партиялық тізім негізінде сайланған Парламент депутатының осы партиядағы мүшелігінің тоқтатылуы сияқты мән-жайдың депутаттық өкілеттікті жоғалтуға негіз ретінде ресімделуі, Конституция нормаларына сәйкес келуі мүмкін, өйткені бұл жағдайда депутаттық мандаттың құқықтық негіздері жоғалады.

5. Конституцияның 52-бабы 1-тармағы, Парламент депутатының қандай да болсын аманаттық мандатқа тәуелді болмайтынын белгілейді. Бұл, Сенат пен Мәжіліс депутаттарының, депутаттық өкілеттікті қай тәртіппен (тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының мәслихаттары депутаттарының бірлескен отырыстарында сайлануы; бір мандатты аумақтық сайлау округтері немесе партиялық тізім негізінде бара-бар өкілдік жүйесі бойынша сайлануы) алуына қатыссыз, орындалуы міндетті аманат немесе тапсырма алмайтынын, өзінің депутаттық қызметінде есеп беруге тиіс еместігін және өз өкілеттігінің бүкіл мерзімі ішінде оларды ешкімнің де кері шақырып ала алмайтындығын білдіреді.

Партиялық тізім негізінде Парламент депутаты болып сайланған депутатты, оның өкілеттігі тоқтатылуының заңдық негізі ретінде, саяси партияның кері шақырып алуы, мұндай депутаттар құқығының бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған депутаттар құқығымен теңдігін бұзуға әкеп соқтырады. Ал депутаттың партияға қатыстылығы, оның Парламент депутаты мәртебесін шектемеуге тиіс, сонымен қатар бұл мәртебеге еш нәрсе де қоса алмайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, 57-баптың 4-тармағында және 52-баптың 6-тармағында депутаттық өкілеттікті тоқтату немесе одан айыру туралы шешімді Республика Орталық сайлау комиссиясының ұсынуымен Парламенттің тиісті Палатасы қабылдайтынын белгілейді. Бұл процеске саяси партиялардың қатысуы көзделмеген.

Партиялық тізім негізінде Парламент депутаты болып сайланған депутатты, депутаттық өкілеттігі тоқтатылуының негізі ретінде, саяси партияның кері шақырып алуы Конституцияның 52-бабы 1-тармағына қайшы келеді.

Осылайша, Конституциялық Кеңес, Конституцияның 52-бабы 3 және 5-тармақтары, Конституцияның депутаттарды сайлау, олардың өкілеттігін тану және депутаттық өкілеттік аяқталуының тәртібін реттейтін өзге қағидаларынан туындайтын мән-жайларды, Парламент депутатының өкілеттігін тоқтатуға және одан айыруға негіз ретінде жоққа шығармайды деп есептейді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-

бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының U952737\_ 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 3 және 5-тармақтарын, Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының өкілеттігін тоқтатудың олар белгілеген негіздері толық болып табылмайды деп түсіну керек.

Конституцияның нормаларынан туындайтын өзге жағдайлар, Парламент депутатының өкілеттігі тоқтатылуына негіз бола алады. Өтініш нысанына қатысты қолданыста, оларға Парламент депутатының қайтыс болуы, Парламент депутатының Қазақстан азаматтығын жоғалтуы, Парламент депутаты болып табылатын адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы заңдық күшіне енген сот шешімі, саяси партияның таратылуы немесе партиялық тізім негізінде сайланған Парламент депутатының осы партиядағы мүшелігінің тоқтатылуы ж а т а д ы .

Партиялық тізім негізінде сайланған Парламент депутатын кері шақырып алу туралы саяси партияның шешімі, оның өкілеттігі тоқтатылуына негіз бола а л м а й д ы .

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000\_ 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында

көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің  
Төрағасы

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК